

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 161 – 165

**THE MAIN TENDENCIES IN THE NATIONAL DOCUMENTARY FILM
AND HANDWRITING OF WOMEN-DIRECTORS
OF DOCUMENTARY MAKERS IN IT**

Sh. N. Urazbayeva

Kazakh national academy of arts named after T. K. Zhurgenova, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: shari.11@mail.ru

Key words: the documentary film, the instrument of propaganda, way of installation, the chronological magazine, Turksib, "Soviet Kazakhstan" movie journal, the movie about female leaders, O. Abishev's creativity, movies in a photo gallery, new genres of national direction.

Abstract. Subject of documentary cinema are scientific researches, historical events, the cultural phenomena, political actions and many other things. In the world of documentary cinema characteristic ways of shooting and installation-production and reporting shooting, outdoor, interior shootings, use of archival video and photo materials have appeared. In documentary cinema special genres were issued. Classification of genres of documentary cinema directly depends on tasks which are set by directors, releasing the new movie on light. Bright subgenres of documentary cinema are educational movies. Their creation has played a big role in improvement of quality of education. They can be broadcasted at schools, institutes and on television, helping people to acquire material stronger, by means of a visual teaching method. Today the documentary cinema continues to develop. During its creation the latest technical means - shooting from space, computer technologies, special effects and many other things are used. Modern critics argue on that how realistic the modern documentary cinema is. When the camera turns on, those who are removed, necessarily begin to play.

ӘОЖ 791.47

**ҰЛТТЫҚ ДЕРЕКТІ КИНОДАҒЫ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР
ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭЙЕЛ ДОКУМЕНТАЛИСТ
РЕЖИССЕРЛЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ**

III. N. Уразбаева

T. K. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

Түйін сөздер: деректі фильм, үгіттеу құралы, монтаждау тәсілі, хронологиялық журнал, Турксіб, «Советтік Қазақстан» киножурналы, озат-эйслдер туралы фильм, О. Әбішев шығармашылығы, фотосурет жанрындағы фильмдер, ұлттық режиссураның жаңа жанры.

Аннотация. Деректі фильмдер такырыбы ретінде ғылыми зерттеулер, тарихи уакыттар, мәдени құбылыстар, саяси іс-қимылдар тағы да басқалары болуы мүмкін. Деректі фильм әлемінде көбінесе өзіне тән әдістер мен түсірулер мен монтаждар және репортаждық түсірулер, табиғаттағы түсірулер, интерьерлік түсірулер, архивтік бейне-фото материалдар қолданылады. Деректі фильмдерде ерекше жанрлар пайда болды. Деректі фильмдердің жанрларының класификациялануы режиссердің жаңа фильмді дүниеге әкелу алдындағы алдына койған мақсатына тікелей байланысты. Деректі фильмдегі айқын жанрлардың бірі – ғылыми көпшілік білім беру фильмдері. Оларды жасау білімнің сапасын көтеруге он ықпал етті. Олар мектептерде, институттарда және телевидение арқылы көрсетіліп адамдарға көрнекті түрде білімдерін қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі кезде елімізде деректі фильм даму үстінде. Оларды жасау барысында соңғы кездे пайда болған жаңа техникалық құралдар пайдаланылады – космостан түсірілген суреттер, компьютерлік техно-

ологиялар, арнайы эффектілер тағы да басқалары. Заманауи сыйнышылардың пікірталасынша қазіргі деректі фильмдер реалдылықтан алшақ деген ойлар да бар. Себебі камера қосылғаннан кейін, түсіріліп отырған кейіпкер еріксізден, белгілі рөл ойнай бастайды. Қанша дегенмен де деректі фильм көрермендерге реалдылықты, шынышыл көрсетуге тырысады, сондыктанда оған деген қызыгуышылық азаяр емес.

Деректі фильмнің негізін өмірде болған шынайы оқигалар құрайтыны белгілі. Деректі кино саласын киношежіре және құжаттық кино деп қарастыруға болады. Киношежіре материалдары негізінде киножурналдар кино өнерінің бір түрі ретіндегі деректі киноның қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Қазақстандағы алғашқы деректі фильмдер 1920 жылдары түсіріле бастады. Қазақ жерінде ең алғашқы деректі фильм Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборға С. Буденыйдің келуін пленкаға түсіріп алған Е.Блехманның бейнесюжетінен бастау алды деуге де болады. Осыдан кейін іле-шала Кенес үкіметін мадақтап, үгіт-насихат жүргізген бірнеше бейнесюжеттер пайда болды. Қазақстанда түсірілген алғашқы деректі фильмдерге тән түсіру манерасы – ол монтаждау тәсілінің қарапайымдылығы, адамдарды тек қана жалпы планда көрсетілуі еді. 1925 жылы Москванды «Культкино» студиясынан арнайы тапсырма алған Я.Толчан «Қазақстанның бес жылдығы» атты алғашқы деректі фильм жасауға қазақ жеріне аттанады. Ол өзінің естелігінде былай деп жазған: «Культкино» студиясынан арнайы тапсырма алып, алыстағы белгісіз Қазақстанға сапар шегуіме тура келді. Дзига Вертов қоштасып тұрып, қолыма 300 метр пленка мен ескі «Эклер» киноаппаратын ұсынды да, Кеңестік Қазақстанның бес жылдығы тойланады, сол жөнінде деректі фильм түсіру көрек деп тапсырды. Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласына мерекенің алдында екі күн бұрын келдім де, түсіру жұмысына кірісп қеттім. Қалада мерекелік көңіл-күй атмосферасы орныққан еken. Салынып жатқан мектеп және аурухана құрылыстарын түсіріп алдым. Мереке басталған күні жүздеген шақырым жерден малышылар мен қойшылар үздіксіз ағылышып келіп жатты» [1, 22 б.].

1929 жылы Ресейдегі «Востоккино» тресінің өкілдері Алматыда өндірістік бөлімшесін ашып, «соңғы жаңалықтар» деген тақырыппен Қазақстанның мәдени өмірімен шаруашылық тіршілігінен алынған шынайы оқигаларды бірнеше хроникалық журнал ретінде экранға шығара бастады. 1929 жылы түсірілген, сюжеті бойынша Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы туралы лирикалық форма ретінде бейнеленген, режиссері В. Туриннің «Түркісіб» фильмі кеңес одағындағы ең үздік фильмдер қатарына енді. Сонымен қатар кейін ала "Ұлттық полк" (1930), "Қазақстан бойынша" (1935), "Хан Тәнірі" (1936), "Кеңестік өнер" (1937) киношежірелері экранда жарыққа шықты. XX ғасырдың 30-жылдарындағы деректі кино өндірушілерінің қозғаған басты тақырыптары ауыл шаруашылығындағы жетістіктер мен табиғатты өзіне бағындыра алатын күш-жігерге толы қаралайым адамдар, алпауытты құрылыстар болды.

XX ғасырдың 40-жылдары Қазақстанның деректі киносы, негізінен, майданның мұқтаждарына бағытталды. Мысалы, 1942 жылдың барлық фильмдері ("Тылдың ғвардиящылары", "Отаншыл әйелдер", "Тарту", "Ең қымбатты", "Саған, майдан") қазақстандықтардың тылдағы ерен еңбектеріне арналды. Сонымен қатар фильм - концерттер түсірілді. 1943 жылдың кино өнімдерінің дені Қазақстанның мәдени өмірін бейнелейді. "Айттыс", "Балалар олимпиадасы", "Қазақкиноконцерт", "Домбыра үнімен"; өнеркәсіп саласындағы Қазақстанның жетістіктері туралы "Теміртаудың тууы" (1947, режиссер Э. Файқ), "Текелі" (1947, реж. С. Никитин), т.б. киноочерктер түсірілді. Ұлы Отан соғысы кезеңінде түсірілген деректі фильмдердің тақырыбы негізінен ер азаматтарын соғыска аттандырып, ауылда қалған әйелдер қауымына, жалпы халықтың еңсесін көтеріп, күш-жігерін шымырлатып отыруға арналды. Мысалы, 1942 жылы режиссері А. Ованесова, операторы И. Касаткина болған «Самое дорогое» деректі фильмі соғыс жүріп жатқан Украина, Ресей жерлеріндегі жетім қалған балалардың қазақ жеріне көшіріліп әкелінің жайлы баяндайды. Мұнда сонымен қатар, қазақ елінің шет жерден келген ашығып-торықкан балаларды жатсынбай, өз бауырына басқан қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігін көрсетеді. Соғыстан кейінгі жылдары деректі кино саласы қарқынды түрде дамыды. Хроникалық киножурналдар мен деректі фильмдерде республиканың елеулі оқигалары мен құбылыстары өз көріністерін таба бастады. «Донбасс» (1946, реж. М. Белинский), «Астық жинау шеберлері» (1947, реж. М. Славинская), «Красный Октябрь колхозы» (1947, реж. П. Аташева) фильмдері ауыл шаруашылық тақырыбына бағышталып, экономикалық өркендеуге үлесін қосып отырды.

1948 жылдан бастап «Советтік Қазақстан» киножурналы тұрақты түрде экранға шыға бастады. Киножурналдың көптеген сандарында тұнғыш рет алдыңғы қатардағы озат әйелдердің еңбегі жайлы баяндайтын бейнесюжеттер топтастырылды. «Ауылдан келген қыздар», «Жас таланттар» (реж. Х. Даuletбеков) киноочерктері Қазақ қыздар педагогикалық институтында оқытын студент қыздардың өмірін көрсетті.

40-шы жылдардың сонында деректі кино сюжеттерде портреттік жанр қалыптаса бастады. Фильмдердің идеялық көркемдік сапасын көтеру мақсатында деректі кино жанрына сценариимен жұмыс қажеттілігі туындалды. Қазақтың алғашқы деректі кино саласының майталман режиссерлерінің бірі Ораз Әбішев халық қүйшісі Дина Нұрпейісоваға арнап 1947 жылы «Дина» автопортреттік хроникалық фильм жасады.

1950–1960 жылдары Қазақстанның деректі киносы барған сайын экрандағы адамға баса назар аудара бастады. Фильмдердегі схематизм, иллюстрациялық көріністер, салтанаттылық, пафостық әуендер азайып, жеке тұлғаның тұлғалық-поэтикалық мінезін, әлеуметтік-психологиялық кескінін сомдауға тырысты. Қаһармандардың ішкі сезімдері, ой-пікірлері кадр сыртында оқылған мәтін арқылы баяндалып, кейіпкердің образы ашыла түсті. Қазақтың көрнекті режиссері О. Әбішев өз фильмдерінде жаңа шығындықта ұмтылды. «Әсірессе, режиссердің 60-70-80 жылдары түсірген фильмдерінің көпшілігі ой-толғанысқа толылығымен ерекшеленеді. Соның ішінде «Бір хаттың ізімен» (1969), «Абсент» (1974) фильмдері шоқтығы биік түрған туындылар. Әр жылдары түсірілген бұл шығармаларға тән ортақ қасиет – автордың күнделікті өмір тынысы көріністерінен нәзік сезім іірімдері мен терен ойларға жетелейтін құнды шығармалар [2, 496].

1960–1970 жылдардағы Қазақстан деректі киношеберлерінің шығармашылығы негізінен ізденіс үстінде болды. Деректі фильм режиссерлері өткен тарихқа деген қызығушылықтар танып, мәдениетті дәріптеуге, экранда қариялардың бейнесін жасауға талпынды. Кешегі өткен күнмен бүгінгі жастардың тыныс-тіршілігін салыстыра, байланыстыра отырып жаңа бір мәдени-тарихи тақырыптағы фильмдер жасады. Осы тұста режиссер Ораз Әбішев осы тақырыпта бірнеше фильм жасап, 1968 жылы таастарға қашалып жазылған бейнелерді, ежелгі қолжазбаларды зерттейтін «Тастаны таңбалар» фильмі, 1969 жылы Маңғыстау маңындағы тарихи ескерткіштерді көрсететін «Ашық алақан сыйры» фильмі, 1973 жылы ежелгі қол өнердің дамуы мен тарихын зерттейтін «Тарихпен тілдесу» фильмін экранға шығарады. Осы кезеңде деректі кинода фотосуреттік жанр-дағы фильмдер де кен етек ала бастайды. С. Дробашенко былай деп сипаттама береді: «Деректі фильмнің құрылымына «тоқтатылған сәттің» қолданылуы, біруақытта тікелей куәгер-құжат және автордың ойы мен нақты тұжырымының аясында қолданылатын көркемдік құрал ретіндегі екі мақсатты орындаиды» [3, 92 б.]. Сонымен қатар қазақтың көрнекті ақын, жазушылары, ғалымдары жайлы фильмдерге де көніл аудара бастайды. 1967 жылы «Академик Сатпаев», режиссері Я. Смирнов, «Потомкам завещанный стих» (1966 ж. реж. И. Верещагин), «Ыбырай Алтынсарин» (1968 ж. реж. Э. Файк) сияқты фильмдер қазақтың көрнекті тұлғаларының өмірін баяндап, шығармашылықтарын зерттеді.

1980 жылдары бұрын қалыптасқан «кеше мен бүгін» көркемдік ұстанымындары өзгеріске ұшырап, деректі кинодағы тақырып аясында саяси, әлеуметтік құбылыстар, кейіпкер бейнесі кинематографиялық тәсілдердің өзгеруіне ықпал жасады. 1980 жылдардың екінші жартысында халықтың арасындағы толқулар мен еліміздегі сол жылдардағы саяси және әлеуметтік жағдайы деректі кино саласының арнасын жаңа бағытқа бұрды. Осы жылдары «Жоқтау. Өлі теңіз хроникасы» (1989-1990), «Невада-Қазақстан» (1989), «Полигон» (1990), «Жарияланбаған шеру хроникасы» (1991), «Жана-Арқа» (1991) сияқты т.б. фильмдер елдегі әлеуметтік жағдайы көрсетеп, саяси ағымдағы көзқарастарды тудырды.

Семей полигонындағы ядролық жарылысқа қарсы "Невада-Семей" қозғалысы туралы "Полигон" (1990, режиссер В.Рерих, О.Рымжанов) фильмі кенес үкіметінің жүргізіп отырған саясатын сын көзге алып, айыптауға және одан тубегейлі бас тартуға әкеп тіреяді. Осы кезеңдерде экранда қарапайым адамдар бейнесі, халықтың шынайы өмірі, әлеуметтік мәселелер, полигон, Арал тақырыбы, коғамдағы өз орнын таба алмай жүрген адасқан адамдардың тағдыры көптеген деректі фильмдердің тақырыбына арқау болды.

1991 жылы еліміздің тәуелсіздік алуы, деректі киноның тақырыбына да жаңа өзгерістер әкеле бастады. Кинотанушы Г.Әбікеева осы тұста деректі фильм режиссерлерінің тақырыптық ізденіс-

теріне байлайша сипаттама береді: «Тәуелсіздік кезеңінің қалыптасу жылдарында кинематографтың шығармаларында балалар тақырыбы басты назарда болды. Өйткені, жаңа мемлекеттерді аяққа енді ғана тұрып келе жатқан жас баланың бейнесімен жиі салыстырады» [4, 209 б.].

Сонымен қатар 1980 жылдардың соңынан бастап, Қазақстан деректі фильмдерінде балалар мен жастардың бейнесі тіpten өзгере бастайды. Экранда ядролық жарылыстардың, экологиялық апартардың нәтижесінде айықпас ауруға шалдықкан, 1930 жылдардағы аштықтың құрбаны болған, ата-анасынан айырылған, жас қыздардың арасында көбейіп бара жатқан қылмыскерліктің, күні бойы темір жолдың бойында нанның кезегінде тұратын балалардың т.б. бейнесі пайда бола бастады [5, 21 б.]. «Не помню» (реж. И.Гонопольский, 1982 ж.), «История Кумшагыл» (реж. И.Вовнянко, 1987 ж.), «Бомж» (реж. А.Ким, 1988 ж.), «Буду защищаться сам» (реж. В.Тюлькин, 1987 ж.) және т.б. көптеген фильмдер қоғамдағы аңы шындықты көрсетіп, жастар арасында белен алғып бара жатқан ішімдікке салыну, есірткі ауырына шалдығып, айыға алмай журген жастардың тағдыры жайлай баяндайды.

Жаңа мыңжылдық 2000 жылдар қазақ деректі киносына айтарлықтай толқулармен өзгерістер әкеле қоймады. Қазақстанның деректі киносындағы өзекті тақырыптар сол өткен 1990 жылдардың соңындағы тарихи үрдістің жалғасы іспеттес баяндалады. Қоғамдағы жастар проблемасы әлі де шешімін таптай, экрандағы тағдыры иелері шаrasыз кейінте қала берді. Сонымен қатар соңғы онжылдық ішінде, әсіресе кейінгі төрт-бес жылда түсіріліп жатқан фильмдердің басты тақырыбы – мәдени мұра, салт-дәстүр, этнографиялық, тарихи-биографиялық бағыттағы фильмдер болды. Әсіресе, портреттік жанрдағы фильмдер кеңінен етек ала бастады. Режиссері Халила Омаровтың 2011 жылы экранға шыққан «Б.Момышұлы», режиссер Бахыт Қайырбековтың «Д.Қонаев» фильмі (2012 ж.), «Б.Құндақбаев» (реж. Е.Қонтайши, 2011 ж.) және т.б. автопортреттік фильмдердегі тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы жаңа уақыт тұрғысынан зерттеліп сараланды.

Жаңа кезең деректі киносы қоекейкесті мәселелерді қозғай отырып, ұлттық режиссура мектебін жана арнаға бұра келе, онда қазақ әйел режиссерлердің өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра бастады. Деректі кино саласында қазақ әйел режиссерлер арасында алғашқы болып, азamatтық позициясын танытып, кинорежиссер ретінде шығырмашылық жолын деректі фильмнен бастаған Әсия Сулеева 1978 жылы «Бақша арасындағы үй» фильмін экранға шығарады. Бұл фильмде қазақ халқының ұлттық бейнелері көрініс тауып, деректі кинода жаңр тұргысындағы ізденістің көркемдік даму шешімі байқалады. Бұдан кейін 1982 жылы «Орынбасар әндері», «Устірт. Уақыт бедері», 1983 жылы «Мәңгіліктен бес қадам жерде», «Өмір бояулары» атты фильмдері дүниеге келеді. 1990 жылдарға қарай деректі кино режиссурасында өзіндік стиль қалыптастырып, халықтың әлеуметтік жағдайын көрсетуге тырысқан режиссер Әсия Байғожинаның фильмдерін атап айтуда болады. 1996 жылы Сорос қорының қолдауымен түсірілген Жанар Ҳұсайинованың «Үй, наң, от, күн, өмір» атты деректі фильмі ауылдағы бейқам балалық шақтың қызықты құндері жайлай баяндайды. Соңғы жылдары бірнеше халықаралық кинофестивальдардың жүлдегері атанған жас буын режиссері Жанана Рахымбердиеваның «Женя» атты деректі фильмін де атап өтуге болады. Жанана бұл фильмде бас кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңірек үçілуге тырысып, сол кейіпкер арқылы қоғамда болып жатқан жана құбылыстар мен әлеуметтік мәселелерді экранда шынайы көрсетуге тырысқан.

Ұлттық деректі фильм тарихында бұл саланың өрлеу және тоқырау кезеңінің алмасып отыруы заныңдылық. Сонымен қатар қазіргі заманауи деректі қазақ киносында жастардың өзіндік стилінің, режиссерлік қолтаңбасының қалыптасуы, дәстүрлі мектеп жаңғырығы, шығармашылық ізденістің болуы қалыпты жағдай. Бұғынға күнде отандық кино мамандықтар дайындастырын киномектептерде «Деректі фильм режиссурасы» мамандығында студенттер санының 60 пайызына шейін қызбалалар білім алып, маман иесі аталғанына қарамастан, кино өндірістік нәтижесі төмен болып келеді. Олардың көпшілігі оқу орны қабырғасында түсірілген қысқаметражды дипломдық жұмыстармен шектеліп жатады. Оған жалпы мемлекет тарапынан қолдау таптай, деректі фильмдерге қаржының өте аз мөлшерде бөлінуін, сонымен қатар деректі киноны экранға шығарудың құрылымдық, шынайылылық тұрғысынан көркемсүретті фильмнен анағұрлым қыын екенін негізгі факторлар ретінде айтуда болады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Ногербек Б.Р., Наурызбекова Г.К., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы. – Алматы; ИздатМаркет, 2005. – 10 б.
- [2] Рахманқызы Н. Кинорежиссер Ораз Әбішев. – Алма-Ата: Қазақстан/Шапагат, 1998. – 49 б.
- [3] Дробашенко С. Феномен достоверности. – М.: Искусство, 1959. – 92 б.
- [4] Абикеева Г. Национальное строительство в Казахстане. – Алматы: ОФ «ПЦДАК», 2006. – 209 б.
- [5] Мұқышева Н.Р. Қазақстанның деректі киносындағы әлеуметтік уақыттың көрінісі; Диссертациялық автореферат. – А., 2010. – 21 б.

REFERENCES

- [1] History of Kazakh cinema. B.R. Nogerbek, G.K. Nauryzbekova, N.R. Mukisheva. Almaty: Market, 2005. 253 p. (in Kaz.).
- [2] Rakhmankazy N. Operator Oraz Abishev. Alma-Ata: Kazakhstan /Shapagat, 1998. 49 p. (in Kaz.).
- [3] Drobashenko S. Reliability phenomenon. M.: Art, 1959. 92 p. (in Russ.).
Internet resource. Cinemotionlab.com 14 March. 2013 (in Rus.).
- [4] «Abikeeva G. National building in Kazakhstan in Kazakhstan. Almaty: TAAK, 2006. 209 p. (in Russ.).
- [5] Mukisheva N.R. Documental movies in Kazakhstan through the times. PhD dis. abstract. Almaty, 2010. 21 p. (in Kaz.).

**ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В НАЦИОНАЛЬНОМ ДОКУМЕНТАЛЬНОМ ФИЛЬМЕ
И ПОЧЕРК ЖЕНЩИН-РЕЖИССЕРОВ ДОКУМЕНТАЛИСТОВ В НЕМ****Ш. Н. Уразбаева**

Казахская национальная академия наук им. Т. К. Жургенова, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: документальный фильм, инструмент агитации, способ монтажа, хронологический журнал, Турксиб, киножурнал «Советский Казахстан», фильм о женщинах-передовиках, творчество О. Абисшева, фильмы в жанре фотографии, новые жанры национальной режиссуры.

Аннотация. Тематикой документального кино являются научные исследования, исторические события, культурные явления, политические действия и многое другое. В мире документального кино появились характерные способы съемки и монтажа – постановочная и репортажная съемка, натурные, интерьерные съемки, использование архивных видео- и фотоматериалов.

В документальном кино оформились особые жанры. Классификация жанров документального кино напрямую зависит от задач, которые ставят режиссеры, выпуская на свет новый фильм.

Ярким поджанром документального кино являются образовательные фильмы. Их создание сыграло большую роль в улучшении качества образования. Они могут транслироваться в школах, институтах и на телевидении, помогая людям усвоить материал более прочно, с помощью наглядного метода. Сегодня документальное кино продолжает развиваться. При его создании используются новейшие технические средства – съемка из космоса, компьютерные технологии, спецэффекты и многое другое. Современные критики спорят о том, насколько реалистичным является современное документальное кино. Ведь когда включается камера, те, кого снимают, поневоле начинают играть. И все же, документальное кино стремится донести до зрителя реальность и достоверность, именно поэтому интерес к нему не ослабевает.

Поступила 17.03.2016 г.